

үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар," – деп жазды. Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ... Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оку орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сую, қадірлеу, жақсы мінез- құлышқа бағыттау, халқын сую маҳаббат- мейірім (ана- бала) перзенттін парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығаның көреміз. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен- бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты талантты арқылы танылған ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны расан зор. Қорыта келгенде, ыбырай Алтынсарин- реалист жазушы, ағартушы педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін қурескер, тұнғыш кеменгер. Қөрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "ХІІІ- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор," – деп баға береді. Оның еңбектері жан-жақты зерттеліп, ондаған ғылыми – зерттеу еңбектер жазылған, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Қазақ әдебиетінде педагог-жазушының көркем бейнесі жасалуда. Мысалы, белгілі ақын Дағу Қайырбеков "Дала қоңырауы" поэмасын, үзінді... М.Ақынжанов "Ы.А." пьесасын, Жайсанбек Молдағалиев "Алғашқы ұстаз" романы жазды, Кинофильм түсірілген. Қостанайда ескерткіші бар т.б. т.б. Қадырдың өлең шумағымен аяқтау... Өз дәуірінде ы. Алтынсарин Қазақстанның экономикалық даму келешегі, қазақ халқының болашағы, оның қандай жолмен алға басатыны туралы аса құнды, терең ой-пікірлер айтты. Сонымен, ы. Алтынсаринның ағарту идеясы қоғамда ғылым мен білімнің рөлін дәріптеуге бағытталған. әлбетте, бұл жерде қоғамдық өмірмен байланыстырылмай алынған ғылымның рөлін асыра дәріптегенін байқауға болады. ы. Алтынсариннің орыс-қыргыз мектептерін ашуы, «Қыргыз хрестоматиясын» жазуы, қазақ ауылдарында орыс әдебиетін таратуы Қазақстан мәдениетінің даму тарихында үлкен оқиға, революциядан бұрынғы дәуірде қазақ халқының рухани өміріндегі дамудың бастамасы болды. ы. Алтынсариннің ағарту қызметі оның демократиялық пікірлерінің айқын көрінісі еді. Ол еркі жоқ бұқараның қорғаушысы болып, езілген, сауатсыз халыққа жасаған қанаушылардың әділетсіздіктеріне, қастандықтарына, зорлық-зомбылықтарына, заңсыздықтарына қарсы шықты. Ол қоғам ауырпалықтарын, үстем таптар өкілдерінің ел үстінен құн көрген жарамсыз мінездерін өткір сынға алды. Өзінің шығармаларында ы. Алтынсарин көбінесе жергілікті өкімет, сот орындарының өкілдерін, молдаларды сынады, себебі, оның шығармалары негізінен окушы балаларға арналған еді. ы. Алтынсарин оқушылардың көпшілігі болыс, ауылнай, сот болатынын жақсы білді. Сондықтан ы. Алтынсарин оқушылардың бойына ізгілік өрнегін егу үшін «Қыргыз хрестоматиясында» демократия және гуманизм рухында жазылған өлеңдер мен әңгімелерді басты. Келешекте қазақ ауылдарында демократиялық идеялардың таратушысы болу үшін, оларды әділдеттік, тазалық, шындық рухында тәрбиеледі. ыбырай Алтынсарин патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген кілт саясатында сын көзімен қарады. Реседің үстем таптарының орыс ұлтына жатпайтын басқа халықтарға жүргізген ұлттық кемісітушілік саясатын көре білді. Орыс шенеуніктерінің қазақтарды тәменгі нәсілдің адамдары деп санауы, қазақ халқына надан, тұрпайы көріп, жиіркенішпен қарауы ы. Алтынсарин секілді халықтың адаптациянына өте ауыр тиді. ы. Алтынсарин «білімді орыстардың» жергілікті халықты жек көре қарауын сынай отырып, мәдениетті адамдардың міндегі – қазақ халқын мешеусің деп қорламай оның мәдениетінің дамуына көмектесу деді.

ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІПТІ – БІЛІКТІЛІК ӨСҮІ

Әбжанова Г.Қ.

«Қостанай қаласы өкімдігінің білім бөлімінің № 2 орта мектебі»ММ

Ұстаз, шәкірт, мектеп – бір-бірінен ажыратуға болмайтын атаулар. Мектептің рухани өмірі мұғалімнің өн бойында. Мұғалім- мектептің негізін қалаушы жоғарғы рух иесі. «Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді?» деге-

ген сұрақтарға «Мұғалім, ең алдымен, бала жанының тамыршысы болуы тиіс» деген жауап айтсақ артық болmas.

Қазіргі білім беру жағдайында ең өзекті болып, мұғалімнің біліктілігі туралы сұрағы қалыптасады. Мұғалімге қогамның әлеуметтік мәдени ортасының 10 жыл бұрынғы үйіншілік талабынан, қазіргі талабы жоғары. Қазақстан Республикасында педагогикалық қызметкерлеріне аттестациялаудың жаңа ережесі мемлекетпен ұсынылатын жоғары талаптарды бекітеді. Жаңа ережеге сәйкес қазіргі мектептің жоғары біліктілік мұғалімі бұл:

- Педагогикалық зерттеу жүргізетін маман;
- Сабакты білікті жобалай алатын, білім берудің жоғары нәтижесіне жететін маман;
- Әр оқушының жеке бастылығын, сыйнып ұжымын қалыптастыру үдерісін педагогикалық мақсатқа лайықты басқаруды қамтамасыз ететін басқарушы;

Құзыреттілік білім беру сыйнапта оку-тәрбиешілік үдерісін үйімдастыруға жаңа тәсілді талап етеді. 12-жылдық білім беруге көшу сабак беру әдісімен технологияны қайта қарастыруды қажет етеді. Бұл өз кезеңінде әдістемелік жұмысына ықпал етеді, бәрінен бұрын, пәндік әдістемелік бірлестік шегінде мұғалімнің кәсіптілік-біліктілігінің қолдау бойынша ішкі әдістемелік бірлестігінің жұмысын құруда ықпалын тигіздеді. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің әдістемелік бірлестігінің құрамына 16 мұғалім кіреді. Олардың ішінде: жоғары және I санатты мұғалімдер-6; II санатты – 6; санасыз-2.

Сондықтан әдістемелік бірлестігінің барлық жұмысы қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімдерінің көсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің құшімен мұғалімдердің шығармашылық және көсіби өсіу үшін жағдайлар құрылады. Ішкі әдістемелік бірлестігінде озық педагогикалық тәжірибе жүйеленеді. Бұл бәрінен бұрын озық педагогикалық технологияны енгізу мен үйренуге қатысты.

Мұғалімдердің тәжірибелік жұмысында әдістемелік бірлестік профессор А.Жұнісбековтың әдістемесін нәтижелі қолдануда. Компьютерлік технологияны, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды әдістемелік бірлестік мұғалімдері өз сабактарында жүйелі түрде қолданады. Қазақ тілі кабинетінде толық мультимедиялық жабдықтау кешені бар. Оқушыларды интеративті қашықтықта оқыту үшін тілдік лабораториялық жағдайлар жасалған. Әдістемелік бірлестік мұғалімдері сабакқа қажетті дидактикалық ілеспелі материалдарды қолданады.

Мектептік әдістемелік бірлестік базасында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімдерімен 9-шы сыйнып оқушыларын мемлекеттік аралық бақылауға даярлау бойынша кеңес беру орталығы үйімдастырылған. Осы орталықтың жұмыс жоспарына сәйкес дөңгелек үстелдің кеңес беру сабагының отырыстары өткізілді. Дөңгелек үстел «Мемлекеттік аралық бақылауға дайындау жұмысының тиімді жолдары» атты тақырыпта. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімдері үшін қалалық семинар өткізіліп, мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісті. Қалалық семинар тақырыбы: «Мемлекеттік аралық бақылау-білім сапасын бақылау түрлерінің бірі» деген атаумен өткізілді. Орталық базасында қала мұғалімдерімен ай сайын кеңес беру жұмысы жүзеге асады.

2010-2011 оку жылы бойынша қазақ тілі әдістемелік бірлестігінің мемлекеттік аралық бақылауға дайындау барысындағы іс-шаралардың жоспары

№	Iс-шаралар	Уақыты
1	2010-2011 оку жылы бойынша мемлекеттік аралық бақылауға дайындау жұмысының жүйесін жоспарлау	Қыркүйек-қазан
2	Қазақ тілі пәнінен қосымша сабак кестесін құру	Қазан
3	Қазақ тілі пәнінен дайындық тесттерін жүргізу	Жыл бойы
4	Әр дайындық тесті өткеннен кейін, білім сапасының қорытынды мониторингін жасау	Қараша-сәуір
5	Қындық туғызған сұрақтар бойынша талдау жұмыстарын жүргізу	Ұнемі
6	Мемлекеттік аралық бақылауға дайындық жүргізу жөнінде бұрыш жасау	Жыл бойы
7	Тест тапсыру барысында оқушылардың қобылжымауы мақсатында мектеп психологиямен бірлесіп, психологиялық тренингетер үйімдастыру	Қазан-сәуір
8	Сынып жетекшілерінің мұғалімдерімен бірлесе отырып, ата-аналармен байланыстарын нығайтуға ұсыныстар жасау	Ұнемі
9	Мемлекеттік аралық бақылауға дайындау барысында мұғалімдердің өзара сабактарға қатысып, оқушыларды дайындаудың тиімді жолдарын анықтау	Қазан-сәуір
10	Оқушыларға оку барысында түрлі жаттықтыру тест жинақтарын, техникалық құралдарды өз беттерімен қолдануға ұсыныстар жасау	Ұнемі

Осы оқу жылында мемлекеттік аттестациялау шегінде тесттілеуге окушыларды дайындауда тиімді әдістері бойынша семинар өткізу жоспарлануда.

Әдістемелік бірлестік мұғалімдерге Халықаралық деңгейде біліктілігін көтеруге мүмкіншілік береді. Мұғалімдер екінші жыл «21 ғасырдың инновациялық мектебі» атты жобасына Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-мен үйымдастырылған және облыстық БКИ және Халықаралық институтымен «Барлық үшін білім беру » жобасына қатысады. (Торонто, Канада). Осы жобаға қатысу мұғалімдерге тек қана құзыреттілік тәсілді менгеріп қана қоймай және оны оқу үдерісінде енгізуге мүмкіншілік береді. Практикалық семинарда педагогтар өздерінің біліктілігін окушылардың оқу құзыреттілігін қалыптастыру көзқарасынан сабакта көрсете білді. Мұғалімдер өзінің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмысы тұрақты білім беру жүйесін қамтамасыз етеді. Осы барлық нәтижелерге қарамастан әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері үшін ең өзекті болып қалатын мәселелер:

- аттестацияланатын мұғалімдерді қолдау;
- әдістемелік тақырыбына мұғалімдердің жұмысын үйымдастыру;
- кәсіби сайыстарда педагогтардың белсенді қатысуын ынталандыру;

Жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарында келесідегідей өзекті сұрақтар анықталады:

1. Мемлекеттік аралық бақылау мен Үлттық бірыңғай тесттілеуге окушылардың дайындау сапасын арттыру.
2. Қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабакында окушылардың шығармашылық талабын дамыту.
3. Оқу үдерісінде тиімді білім беру технологиясын қолдану.
4. Әдістемелік тақырыбына мұғалімдерді ілестіру.

Осы құрылған әдістемелік бірлестік жұмысының жүйесі мұғалімдердің кәсіби арапасу орны болып қана қоймай, олардың кәсіби және жеке басты артуының орны болып табылады.

Барлық мұғалімдер кәсіби портфолио жүргізеді және олардың педагогикалық зерттеу үшін әдістемелік тақырыптары бар.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БАРЫСЫНДА Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеяларын жүзеге асыру

Ахмадиева Н.М.

Ы.Алтынсарин атындағы Обаган орта мектебі

Бұғаңға таңда тәуелсіз мемлекеттіміздің білім саласындағы басты мақсаты – білімнің жаңа үлттық үлгісін енгізу және оны қалыптастыруға толық негіз қалау. Тарихтың даму белгестерінде әрбір халық, саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сайрухани-дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны үрпақтар игілігіне қалдырып отырады.

Жаңа ғасыр-ерекше кезең. Бұл кезеңге ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибелерінізге, бай мұраларымызға талдау жасалынып, жіктеліп, ойларымыз қорытылып, нәтижесінде белгілі бір жүйеге келу-өмір талабы.

Үлттық педагогикамыздың ірге тасын қалаушы Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары, ізгі ойлары, талғамы ғылыми күні білім ошақтарында жалғасын тауып отыр. Қазіргі жастар тәрбиесінде, сонымен қатар жас жетіншектерді тәрбиелеуде мектептің рөлі және сол білім ұясындағы біздер, ұстаздардың, еңбектерінде жиі кездесетін, сол идеяларға сүйене отырып еңбек жолымызды шынадаймыз.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып саналады. Ендеше ғылыми алға қойған мақсат Ы.Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен үштастыру. Үбірай атамыздың ізгі ойлары мен педагогикалық идеяларында оның ішінде окушы жастарды имандылыққа тәрбиелеу тәсілдері мен жолдаурына айрықша қөніл бөлінеді. Данышпан әр окушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бөрпі табылса біртұтас мінез қалыптастырады. Үлгар мектеп қабыргасындағы мұғалімдердің окушыларға дұрыс жүйелі, табанды түсіндірумен, балаларға дұрыс талап қоя білуперімен жүзеге асырылады және үзак уақытты қажет етеді дейді. Ы.Алтынсарин шығармашылығының басты мәселесі – балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын Үбірай дұрыс түсінген, дұрыс шешкен...